



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№7 (1965) 3 НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ

Үздік ғалымдар мен оқытушылар марапатталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» және «Үздік ғылыми қызметкер» атағы иегерлерін марапаттау рәсімі өтті.

Ғалымдары мен оқытушылары қатысты.

Іс-шара рәсімінің ашылуында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек барлық жеңімпаз оқытушыларды құттықтап, ғылым мен білім саласындағы орасан зор еңбектері үшін алғыс айтты.

2024 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» төсбелгісі Қазақстанның 200 оқытушысына табысталды, оның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 36 оқытушысы жоғары марапатқа ие болды. Үздіктер қатарында Зухра Абдирахметова, Мәди Абилов, Гүлнар Айгаринова, Дина Ақбаева,

Жанна Асипова, Гүлзира Василлина, Сырым Қасенов, Ерғали Құрманов, Әмірхан Темірбаев, Райхан Рахметтолаева, Нұрлан Темірбеков, Бақыт Ханиев, Сәуле Үдербаева және т.б. оқытушылар бар. Әр жеңімпаз 2000 АЕК көлемінде ақшалай ынталандыру сыйақысын алады.

Салтанатты жиында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйлеп, оқытушылардың зор еңбегі мен олардың білім мен ғылымды дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте



Форум білім мен ғылым сабақтастығына арналды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде республикада білім беруді дамыту саясатын талқылауға арналған «Қазақстан педагогикасы: білім және ғылым сабақтастығы» атты ғылыми-педагогикалық форумы өтті.

Форумға Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, көрнекті ғалымдар, білікті педагог мамандар қатысты.

Форум қонақтары мен қатысушылары үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттерінің ғылыми және білім беру көрмесі ұйымдастырылды.

Форумда оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев сөз сөйлеп, педагогикалық білім берудің негізгі рөлін атап өтіп, осы салада жоғары нә-

тижелерге қол жеткізу үшін педагогиканы ғылыммен және ғылыми қоғамдастықпен біріктіру қажет екенін айтты.

Пленарлық отырыста ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстанның білім беру экожүйесін қалыптастырудағы университет рөлін атап өтіп, форумға қатысушыларды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2022-2026 жылдарға арналған Даму бағдарламасымен таныстырды.

Жалғасы 2-бетте

Ұлттық инженерлік академиямен ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті Бақытжан Жұмағұлов өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Болашақта қос тарап меморандум аясында ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асырып қана қоймай, бірлескен халықаралық конференциялар, симпозиумдар мен кездесулерді ұйымдастырады. Сондай-ақ академия ғалымдары ҚазҰУ докторанттарының ғылыми жұмыстарына жетекшілік етеді.

ҚазҰУ-ға сапары барысында Ұлттық инженерлік академиясының президенті бастаған делегация оқу ордасының ғылыми орталықтары мен зертханаларын аралап, ғалымдар өзіншегінен инновациялық жобалардың нәтижелерімен танысты.

Жалғасы 2-бетте



3-бет
Халықаралық рейтингтерде алда болу маңызды



4-бет
ҚазҰУ ғылымының заманауи келбеті



7-бет
«Шетелдіктерге қазақ ойындарын кең ауқымда көрсеткім келеді»



Үздік ғалымдар мен оқытушылар марапатталды

Соңы. Басы 1-бетте

«2024 жылдың үздік ғылыми қызметкері» номинациясына 41 адам ие болды. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары Хабибулла Абдуллин, Нұралы Әкімбеков, Наталья Глушкова және Рима Жансараева марапатталды.

Іс-шара аясында жеңімпаздар үшін ҚазҰУ қалашығына экскурсия өткізілді. Олар ҚазҰУ-дың ғылыми зертханалары мен орталықтарын аралап, «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталы-



ғында, Жерді қашықтықтан зондтау, Робототехника орталықтарында болды. Сонымен қатар қонақтар ҚазҰУ-да орнатылған Орта-

лық Азияда теңдесі жоқ ең қуатты суперкомпьютердің жұмысымен танысты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Ұлттық инженерлік академиямен

Ынтымақтастық

Соңы. Басы 1-бетте

Делегация құрамында академияның вице-президенті Амандық Төлешов, академик Тынысбек Қалменов, Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры, профессор Амангелді Саданов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымының докторы Алма Әбілқасымова, химия ғылымының докторы, профессор Григорий Мун, профессор Айдархан Қалтаев, ЖОО мен ҒЗИ басшылары және көрнекті академиктер бар.

Алдымен құрметті қонақтар география және табиғатты пайдалану факультетінде жаңадан ашылған «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығына барды. Құрамына 10 ғылыми зертхана кіретін орталық қоршаған ортаны қорғау бойынша мониторинг жүргізеді.

Құрметті қонақтар жоғары оқу орнының 90 жылдығына орай бой көтерген «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығын да аралап көрді. Хабта академиктерге зертханалар мен орталықтардың ғылыми нәтижелері баяндалып, ғалымдардың инновациялық жобалары туралы ақпарат берілді.

Сондай-ақ Фараби робототехника орталығының мамандары делегация мүшелеріне әртүрлі салаларға арналған роботты жүйелерді әзірлеу және енгізудегі жетістіктерді көрсетті. Өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік құзыреттер орталығы Дүниежүзілік банктің жобасы шеңберінде құрылды. Мұнда Германияның белгілі «KUKA» компаниясының роботтары қойылған.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Форум білім мен ғылым сабақтастығына арналды

Соңы. Басы 1-бетте

«2024 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің 90 жылдығын кеңінен атап өтті. Бай тарихы, оқытушылар мен ғалымдардың кәсібилігінің жоғары деңгейінің арқасында университет жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болып, жетекші ұлттық және әлемдік рейтингтерде тұрақты жоғары орынға ие болды», – деді ҚазҰУ ректоры.

Сондай-ақ жиында ҚазҰУ ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірлесіп білім беру саласындағы зерттеу институтын ашатыны айтылды.



Форум жұмысы барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Оқу-ағарту министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Цифрлық трансформация жағдайындағы кітап ісінің баспа технологиялары мен бизнес-модельдері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шара Қазақстандағы баспа ісінің негізін қалаушы, көрнекті ғалым, жазушы, публицист, профессор Әбілфайыз Ыдырысовты еске алуға арналған дәстүрлі «Ыдырысов оқулары» аясында ұйымдастырылды.

Баспа ісінің негізін қалаушы

Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, профессор Әбілфайыз Ыдырысовтың ғылым мен әдебиетке қосқан елеулі еңбегін атап өтті. «Көрнекті ғалым 800-ден астам публицистикалық мақала, очерктер, оқулықтар дайындады. Мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қоғамның өзекті мәселелерін көтерді. Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап ғалым өз еңбектері арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеді», – деді университет басшысы.



Жиын барысында «Ыдырысов байқауы» жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті. Республикалық басылымдарда түрлі тақырыптарда мақалалар жариялаған журналистика факультетінің үздік студенттері марапатталды. Үздік жастарға дипломдар, сертификаттар, алғыс хаттар мен стипендияларды мемлекет қайраткері, дипломат Ерлан Ыдырысов пен Баспа редакторлық және дизайн өнері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Айгүл Рамазан табыстады.

Гүл БАЯНДИНА

Алғыс айту күні – бірлік пен достық мерекесі



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Farabi HUB» орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына және 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Мәдени шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Алматы қаласы әкімдігінің, этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері, оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастар қатысты.

Алғыс айту күні – қазақстандық патриотизм, бірлік пен достық мерекесі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев барлық қонақтар мен қатысушыларды мерекемен құттықтап, Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы елдегі этносаралық келісім мен мәдени әртүрлілікті нығайту мақсатында құрылғанын атап өтті.

«Отыз жыл ішінде ассамблея түрлі этникалық топтар арасындағы диалог пен ынтымақтастық үшін маңызды құралға айналды, бұл Қазақстанға бейбітшілік пен тұрақ-

тылықты сақтауға мүмкіндік берді», – деді ректор.

Іс-шарада сонымен қатар профессор, филология ғылымының докторы Людмила Екшембеева, профессор, химия ғылымының докторы Григорий Мун, аға оқытушы, PhD Анастасия Скрипникова, аға оқытушы, PhD Ниномия Такаши (Жапония) және филология ғылымының кандидаты Фатима Мамедова сөз сөйледі. Олар Алғыс айту күніне өз тілектерін білдіріп, елдегі бейбітшілікті, тұрақтылық пен достықты сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Мерекелік шара барысында ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлері, сондай-ақ университетпен серіктес «Qazaq story» компаниясының өкілдері «Farabi» алтын медалі, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі, Алматы қаласы әкімі мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының Құрмет грамоталары және алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған кураторлық сағат өтті.

Гүл БАЯНДИНА

Академикті құрметпен еске алды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, академик Өмірбек Жолдасбековтің құрметіне орнатылған ескерткішке гүл шоқтары қойылды.



Іс-шараға Өмірбек Арысланұлының ұрпақтары мен замандастары, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы және студенттер қатысты.

Жиында сөз алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары Еркін Дүйсенов: «Еліміздің ардақты тұлғасы Өмірбек Арысланұлы саналы ғұмырын білім мен ғылымды дамытуға арнады. Қайраткер ғалым 1970-86 жылдары университет ректоры қызметін атқарды. Білім ордасын басқарған тұста академик ҚазҰУ қалашығының негізін қалап, жоғары оқу орнын жаңа деңгейге көтерді. Ғалымның басшы-

лығымен университетте жаңа зертханалар, кафедралар, ғылыми орталықтар құрылды. Өмірбек Арысланұлының ашқан ғылыми жаңалықтары, ізденіске толы еңбектері Қазақстанда ғана емес, әлемдік ғылыми ортада да кеңінен мойындалды», – деді проректор.

Рәсімге жиналғандар көрнекті тұлғаның Қазақстандағы инженерлік ғылымды дамытуға, жоғары білім жүйесін жетілдіруге қосқан елеулі үлесіне тоқталып, ғалымның шәкірттері бүгінде еліміздің әртүрлі саласында қызмет атқарып жүргенін атап өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ажинияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Қуандық Кадиоровпен жүздесті.

Келіссөз барысында тараптар әріптестік байланысты дамыту туралы екіжақты келісімге қол қойды. Меморандум аясында екі жоғары оқу орны оқытушылар мен студенттер алмасады, ғылыми жұмыстарды жүргізеді, сондай-ақ филология саласы бойынша ортақ жобаларды жүзеге асырады.

Кездесуде Жансейіт Түймебаев Қуандық Кадиловты Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалуымен құттықтап, оқу ордасын өркендету жолындағы бастамаларына табыс тіледі.

«Бүгінгі жасалған келісім екіжақты ынтымақтастықты одан

Ортақ жобалар жүзеге асады



әрі тереңдетуге негіз болады деп санаймын. Бұған екі ЖОО-ның мол әлеуеті жетеді. Болашақта Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институтының базасында ҚазҰУ филиалын ашуды ұсынамын. Бұл өз кезегінде ғылым мен жоғары білім саласын бірлесіп дамытуға

септігін тигізеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Қуандық Кадилов ілтипат білдіргені үшін университет басшылығы мен ұжымына зор ризашылығын жеткізіп, институт туралы ақпарат берді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің отырысында қысқы емтихан сессиясы және 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы индикативтік жоспардың орындалуы қорытындыланды.

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов қысқы емтихан сессиясының қорытындысы туралы баяндады.

Ғылыми кеңесте ректор болашақта зерттеу университетінде магистратура мен докторантурада орындар саны артатынын атап өтіп, декандарға оқу мен ғылыми жұмыстың сапасын қамтамасыз етуді және диссертацияларды қорғауға дайындықты тапсырды.

Университеттің рейтингтердегі ұстанымы мен 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы индикативтік жоспарды орындау қорытындыларының маңызды тақырыбын Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлзира Василина атап өтті.

Халықаралық рейтингтерде алда болу маңызды



ҚазҰУ ректорының тапсырмасына сәйкес, университетте QS World University Rankings, QS by Subject, «Атамекен» ұлттық ҰКП және т.б. халықаралық рейтингтердегі университеттің позициясын арттыру бағыты бойынша жұмыстар күшейтілгенін атап өткен жөн.

Ғылыми кеңес отырысының

соңында ректор Жансейіт Түймебаев университетті халықаралық рейтингтерде ілгерілетуге бағытталған қызметтің стратегиялық маңызы бар екенін, сондықтан жұмысты жандандыра отырып, оған барлық деңгейлерде тиісті көңіл бөлу қажеттігін атап өтті.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Жас ғалым баспана сертификатына ие болды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, PhD доктор Айжан Нұғыманова жаңа пәтердің иесі атанды.

Баспана сертификатын ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік стипендия лауреаттарын марапаттау рәсімінде салтанатты түрде табыстады.

Айжан Олжабекқызы – ҚазҰУ-дың және «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасының грант иегері. Жас зерттеуші 10 жылдан астам уақыт бойы университетте табанды жұмыс істеп келеді.

Қазіргі таңда Айжан Олжа-



бекқызы жылу алмасу процес-терін 3D модельдеу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми жоба Қазақстан аумағындағы қазандықтардың жану камерасында төмен сұрыпты отынды жағу кезінде жылу мен масса алмасу процесстерін және зиянды заттардың түзілуін анықтауға арналған. Жас зерттеуші аталған жоба бо-

йынша Қазақстанда алғашқылардың бірі болып зерттеу үстінде.

Айта кетейік, бұған дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 11 жас ғалымы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан баспана кілтін алған болатын.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

ҚазҰУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТІ

ҚР Ұлттық инженерлік академиясының бір топ ғалымдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келіп, соңғы жылдары ашылған заманауи ғылыми-зерттеу зертханаларының жұмысымен танысты. «Qazaq universiteti» газеті оқырмандарының назарына ғалымдардың ой-пікірін ұсынамыз.

Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ,
ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті:

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ КӨШБАСШЫСЫ



– Біз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, жаңадан ашылған зертханаларды көрдік. Шетелдегі жоғары оқу орындары филиалдарының университет қабырғасынан бірігіп ашқан ғылыми-зерттеу орталықтарын араладық. Олардың құрал-жабдықтарын көріп, көзіміз де, көңіліміз де толды. Қазір ҚазҰУ – отандық ғылым мен білімнің көшбасшысы, еліміздің алдыңғы саптағы ғылыми-зерттеу ордасы. Қазіргі таңда Ұлттық инженерлік академияда 200-

ден астам техника ғылымдарының докторы жұмыс істейді. Сол кісілерді оқу орнына шақырып, осы зертханаларда жүзеге асып жатқан жобалармен таныстыруды жөн көрдік. Әрине, тек қана танысып қоюды мұрат етпей, меморандумға қол қоюмен шектелмей, университетте іске асып жатқан жобаларды өндіріске енгізуге, нарыққа шығаруға жәрдем берейік деп шештік. Қарап отырсақ, ҚазҰУ-да үлкен жобалар қолға алынып, қыруар жұмыс істеліпті. Бұған, әрине, біз, ғалымдар, қуанамыз. Жастардың ғылымға бет бұрып жатқаны да ішімізді жылытады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «білім мен ғылымның сапасын арттырыңдар, кәсіби мамандарды, оның ішінде жұмысшы мамандықтарының легін көбейтіңдер» дегенді айтып жатыр. Президенттің осы тапсырмасы да бар, бүгін ҚазҰУ-ға келіп, білім алушылармен қауышып, көңіліміз марқайды. Біз әрқашан бір-бірімізді қолдаймыз, жаңа жобаларға атсалысамыз. Бірлік бар жерде тірлік те болады.

Тынысбек ҚАЛМЕНОВ,
ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі:

СУПЕРКОМПЬЮТЕР – ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІГІ

– Мені суперкомпьютер жобасы ерекше тәнті етті. Жаңа ғана бұл компьютер үздік машиналардың Топ-600 құрамына кіреді деген ақпарат естідім. Өте қуатты машина екен. Көптеген жұмысты тындыратынын көрініп тұр. Дәл қазір мұны Қазақстанда қай салада пайдаланатынын білмей тұрмын, бірақ қай салада пайдаланса да, зор нәтиже беретіні сөзсіз. Биологияда пайдалануға болатын шығар. Менің білетінім, мұндай машинаны АҚШ-та метеорологияға қолданады. Метеорологияда дерек өте көп. Бұл салада ғылыми жүйе болмағандықтан, әлгі көп деректі жинап, нақты болжам жасауға болады. АҚШ-тың Нью-Йорк университетінің Математика институтында осындай машиналар бар. Бұларға тапсырыс өте күшті, болжам жасап, мол табыс табады. Өйткені басқа еш жерде жоқ. Сол сияқты мұндай суперкомпьютерді биологияда гендік деңгейде игеруге



мүмкіндік бар. Мысалы, мол дерек ағынын жинап, жасалған экспериментті осыған әкеліп өңдесе, жылдам шығарып береді. Жасанды интеллект тез өңдеп береді. Әр бағытқа бөліп, өзі шығарып береді. Қазіргі ғылымның жетістігі – осы. Сондықтан ҚазҰУ ғалымдарын алда үлкен шаруалар күтіп тұру деуге болады. Тек оны тиімді пайдалана білу керек.



Ариф НӘДІРОВ,
KLR ЖШС директоры:

ИННОВАЦИЯ ИГІЛІГІ ЕРЕКШЕ

– Мен оқыған жылдары ҚазҰУ қалашығы бос жатқан мекен еді. Қазір адам танымастай өзгергенін көріп, кеудемді мақтаныш сезімі көрнеп тұр. Қараңыздаршы, айнала қалай құлпырып тұр. Білім алушыларға бар жағдай жасалыпты. ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлының бастамасымен көп жұмыс атқарылып жатқаны байқалады. Оқу корпусы, заманауи ғылыми-зерттеу орталықтары – осының бәрі бүгінгі студент үшін жасалған игіліктер екені анық. География факультетіне қойылып жатқан суперкомпьютер қандай! Небір қиын, күрделі ақпараттарды өңдеп, ел болашағына қызмет етсе, қандай ғанибет. Химия факультетінде орналасқан ғылыми зертханаларды тамашалап, қайран қалдым. Еш бірінен ешқандай көне құрал-жабдық көрмедім. Бәрі де заманауи жабдықтар. Қарапайым тілмен айтқанда, университеттен халықаралық



деңгейді көрдім. Осындай игіліктермен білім алып жатқан жастар жаман маман болмауы керек. Ел тұтқасын ұстайтын өрендер қара шаңырақ ҚазҰУ-дан көнігі білікті кадр болып шығатынына сенім зор. Ұлттық инженерлік академия ғалымдары қолымыздан келген көмекті береміз, білім болсын, тәжірибе болсын, әрдайым жандарыңыздан табыламыз.

Айдархан ҚАЛТАЕВ,
Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры:

ЖАҢА ЕКПІН СЕЗІЛЕДІ

– Көптен бері ҚазҰУ-дың зертханаларында болмаған едім, үлкен өзгерістер бар екен. Биология, география, химия салаларында ерекше жұмыстар атқарылғанын куәсі болдым. Робототехника орталығындағы жобалар ерекше ұнады. Осылардың бәрі кейінгі екі-үш жылда қолға алынған жобалар сияқты. Онда жұмыс істеп жатқан жастарды көріп, шынын айтқанда, өте разы болдым. Университетте жаңа екпін бар екен. Осы қарқынмен ғылыми бағытта жұмыс істеуді жалғастыра берсе, ҚазҰУ ғылымда үлкен жетістікке жетері сөзсіз. Жаңа біз көрген суперкомпьютер қуаттылығы жағынан Қазақстанда, тіпті Орталық Азия аймағында жоқ десек те болады. Біздің Сәтбаев университетінде бар, бірақ ол бұған қарағанда жылдамдығы төмендеу. Біз оны өз жұмысымызға пайдаланамыз, көбіне



есептеу бағытында қолданамыз. Бұйырса, осы суперкомпьютер арқасында білім алып жатқан жастар, зерттеуші ғалымдар үлкен жетістікке жетеді. Меніңше, заманауи зертханалар ҚазҰУ-ды жаңа биікке көтереді.

Амангелді САДАНОВ,
Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры, профессор:

ОҚУ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ БІРГЕ ДАМЫП ЖАТҚАНЫН КӨРДІМ



– Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың ғылыми даму бағытын көріп тамашаладық. Үлкен жұмыстар жасалыпты. Өйткені біздің түсінігімізде, жалпы әлемнің түсінігінде, университет дегенде оқу процесімен қатар, ғылым да бірге дамуға тиіс. Екеуі бірінен-бірі қалмай, бірге өркендеуі керек. Егер ғылымға мойын бұрмай, тек оқу процесімен айналысса, ол университет емес, қатардағы жалпы білім беретін мектеп болып қалады. Сондықтан жоғары оқу орнында оқу процесі мен ғылым кіндіктес, бірге жүруі керек. Бүгін көзім жеткені ҚазҰУ бұл салада біраз мәселенің басын қайырыпты, үлкен іске ден қойыпты. Мысалы, биология, география, химия салаларына қатысты ғылыми зертханалар ашып, біраз жоба жасап жатыр екен. Бастама жаман емес. Зертханаларды аралағанда мен жетекшілердің бір-екеуіне сұрақ қойдым. Ғалымдар дәрі-дәрмек, шай шығарып жатырмыз деді. Енді соны Денсаулық сақтау министрлігі арқылы клиникалық сынақтан өткізіп, нарыққа шығару жағын ойластырған абзал. Дәрі-дәрмекті клиникалық сынақтан өткізбей, өндіріске енгізе алмайсың. Клиникаға дейін, клиникадан кейін деген сынақтар болады. Бірінші кезеңде шығарған өнімді алдымен 50 адамға, одан кейін екінші кезеңде 300 адамға, соңында 1000 адам емдеп, нәтижесін көрсетуге тиіссің. Енді осы жағын ойластырған абзал. ҚазҰУ-да оқу мен ғылымның бірге дамып жатқанын көріп, риза болып тұрған жайым бар. Бұған мен өте қуаныштымын. Ғылымды басқа жақтан іздемей, өзінің ашқан жаңалығын студенттерге қайтадан беріп отырса, отандық ғылымның сапасы жоғары болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында құрылған зертханалардың бірі – атмосфералық зерттеулердің Global Sky инновациялық зертханасы. Бұл зертхана атмосфералық процестерді тереңірек түсіну, ауа райы мен климаттық өзгерістердің салдарын болжау, сондай-ақ атмосфералық ауаның тұрақтылығы мен сапасын басқару саласында инновациялық шешімдерді құру үшін озық технологиялар мен әдістерді өзірлеп енгізу мақсатында құрылған.



меті: табиғи апаттарға тиімді әрекет ету және олардың салдарын азайту.

2. Жеке сектор:

- Жер қойнауын пайдаланушылар: атмосфералық ауаның және жалпы қоршаған ортаның ластану шегінен асып кету тәуекелдерін төмендетуге қолданады.
- Ауылшаруашылық кәсіпорындары: ауылшаруашылық өндірісін оңтайландыруға, өнімділікті арттыру және ауа райына байланысты тәуекелдерді азайтады.
- Энергетикалық компаниялар: энергияға деген сұранысты болжау, электр станцияларының жұмысын оңтайландыру және жаңартылатын энергия көздерін дамытады.
- Сақтандыру компаниялары: ауа райы мен климатқа байланысты тәуекелдерді бағалап, сақтандыру өнімдерін өзірлейді.
- Көлік компаниялары: маршруттарды оңтайландырады, кешігу қаупін азайтып, тасымалдау қауіпсіздігін арттырады.
- Туристік компаниялар: ауа райын болжайды және туристерді тартады.

3. Ғылыми қоғамдастық:

- Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары: атмосфералық ғылымда әрі қарай қосымша зерттеу жүргізу бойынша жаңа технологиялар мен модельдерді өзірлейді.
- Халықаралық ұйымдар: климатты бақылайды, климаттың өзгеру қаупін бағалап, бейімделу және азайту шараларын өзірлейді.

- 4. Халыққа тиімділігі: ауа райы, ауа сапасы және табиғи апаттар қаупі туралы ақпарат алады.
 - 5. БАҚ-пен байланыс: ауа райы, климат және қоршаған орта туралы қоғамға ақпарат таратады.
- Тағы бір айтарымыз, атмосфералық зерттеулерді жүргізу тұрақты даму мақсаттарымен тығыз интеграцияда. Оның ішінде ТДМ-2 – аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ТДМ-3 – жақсы денсаулық және салауаттылық, ТДМ-4 – сапалы білім, ТДМ-7 – қолжетімді және таза энергия, ТДМ-9 – өнеркәсіп, инновациялар және инфрақұрылым, ТДМ-11 – орнықты қалалар мен елді мекендер, ТДМ-13 – климаттың өзгеруіне қарсы күрес, ТДМ-15 – құрлық экожүйелерін сақтау, ТДМ-17 – тұрақты даму үшін серіктестік бағыты бойынша тығыз жұмыс істейді.



ТҮЙІН:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Global Sky зертханасы университеттің ғылыми әлеуетін дамытуға, талантты мамандарды тартуға және оқу орнының атмосфералық ғылымдар саласындағы көшбасшы ретіндегі ұстанымын нығайтуға ықпал ететін академиялық және ғылыми қызметтің маңызды құрамдас бөлігі.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

things) қолданады; спутниктік бақылау және қашықтықтан зондтау; атмосфералық процестерді модельдеу және модельдеу әдістерін пайдаланады; жасанды интеллекті қолдана отырып математикалық әдістерді будандастыру

Global sky зертханасы университеттің ғылыми әлеуетін арттырады



сияқты атмосфераны зерттеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін өзірлеу және нейрондық желілер мүмкіндігі бар.

Пәнаралық тәсіл. Бір атап өтерлігі, зертхана атмосфералық процестерді және олардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін жан-жақты зерттеуге ықпал ететін метеорология, гидрология, география, геоинформатика, экология, математика, жасанды интеллект, Big data, компьютерлік модельдеу және т.б. сияқты ғылымның түрлі салаларындағы мамандардың басын біріктіреді.

Ынтымақтастық және серіктестік. Зертхана ұлттық және халықаралық деңгейде ғылыми-зерттеу институттары, университеттер, үкіметтік ұйымдар және жеке компа-

ниялармен белсенді ынтымақтастықта. Жоба жетекшісі Виталий Сальниковтың пікірінше, мұндай ынтымақтастық білім, тәжірибе және ресурстарды тиімді алмасуға ықпал етеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Global Sky зертханасы ғылыми әлеуетті дамытуға, талантты мамандарды тартуға және университеттің атмосфералық ғылымдар саласындағы көшбасшы ретіндегі ұстанымын нығайтуға ықпал ететін академиялық және ғылыми қызметтің маңызды құрамдас бөлігі саналады.

Нәтижелерге сұраныс. Атмосфералық зерттеулердің инновациялық зертханасы жұмысының нәтижесі оны кең ау-

қымда пайдаланушыларға аса маңызды. Оның ішінде:

1. Мемлекеттік органдар мен қызметтерге:

- Қазгидромет: ауа райы болжамдарын жақсартуға, табиғи апаттар туралы ерте ескерту және ауа сапасының мониторингін пайдалануға құнды дерек болмақ.
- Барлық деңгейдегі әкімдіктер, сондай-ақ экология, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік және су ресурстарын басқаруға жауапты министрліктер мен ведомстволарға негізделген шешім қабылдауға көмек береді. Ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға және ауа райы мен климатқа байланысты тәуекелдерді азайтуға ықпалды.
- Төтенше жағдайлар қыз-

География ғылымының докторы, профессор, жоба жетекшісі Виталий Сальниковтың айтуынша, зертхананың қызметі ел экономикасы үшін өте маңызды бірнеше бағытқа негізделген:

1. Құрғақшылық пен жұт, жылымық пен қатты аяз сияқты жаһандық және аймақтық климаттық өзгерістердің әсерінен болатын атмосфералық қауіптерді зерттеу және оларды алдын ала ескерту жүйесін құру.
2. Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жолында көміртегі ізін азайту контексінде баламалы энергия көздерінің қолжетімді потенциалының динамикасын зерттеу.
3. Атмосфералық процестерге белсенді әсер етудің жаңа әдістерін зерттеу және сынақтан өткізу.
4. Оның сапасын басқару жүйесін құру мақсатында атмосфералық ауаның ластануының заманауи мәселелерін зерттеу.

ЗЕРТХАНАНЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Технологиялық көшбасшылық. Зертхана мамандандырылған деректерді жинап талдауға арналған заманауи технологияларға қол жеткізе алады. Оған мысал ретінде метеорологиялық температура профилюмерін алуға болады. Атап айтқанда атмосфераның шекаралық қабатындағы радиацияның 0-ден 1000 метрге дейінгі биіктікте өлшейтін қашықтықтан зондтау құралы, цифрлық химиялық-атмосфералық модельдер (WRF – Chem-Weather Research and Forecasting (WRF) Model coupled With Chemistry) және т.б.

Сараптама мен тәжірибе. Зертхана командасының құрамына атмосфералық зерттеулер саласында көпжылдық тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар тартылды. Кәсіби мамандар сараптама мен зерттеулердің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Инновациялық әдістер мен тәсілдер. Зертхананың мынадай әлеуеті бар екенін ауыз толтырып айта аламыз. Ауа райы мен атмосфералық параметрлер туралы деректерді жинау үшін интернет технологиясын (IoT-Internet of



Буллинг

в образовательной среде

На факультете международных отношений преподавателем, доктором PhD Парпиевым С.М. была организована лекция доктора PhD, и.о. доцента кафедры международного права, координатора по PSEA (по предотвращению сексуальной эксплуатации и надругательств) Unicef Kazakhstan Байтукаевой Д.У. на тему «Буллинг в образовательной среде: рекомендации и пути решения проблемы» в рамках ЦУР 16 «Мир, правосудие и эффективные институты».



просам обеспечения прав женщин и безопасности детей», подписанный главой государства. А именно, в КоАП внесена статья 127-2 следующего содержания:

1. травля (буллинг, кибербуллинг) несовершеннолетнего влечет предупреждение или штраф в размере 10 МРП;

2. действие, предусмотренное частью первой настоящей статьи, совершенное повторно в течение года после наложения административного взыскания, влечет штраф в размере 30 МРП;

3. действие, предусмотренное частями первой или второй настоящей статьи, совершенное несовершеннолетним лицом в возрасте от 12 до 16 лет, влечет предупреждение или штраф на родителей или лиц, их заменяющих, в размере 10 МРП.

Дана Умирбековна поделилась со студентами, что в профилактике буллинга очень важно раннее вмешательство, человек не должен остаться один на один с насилием. Здесь очень важна внимательность и позиция препода-

вателей, и доверительные отношения между родителями и ребенком. К сожалению, этот травмирующий опыт не проходит бесследно и может иметь глубокие негативные последствия для психического здоровья людей, вплоть до депрессии и суицидальных мыслей. На сегодняшний день

для поддержки подростков и молодежи, в том числе по просам буллинга функционируют 157 молодежных центров здоровья, которые оказывают высококвалифицированную бесплатную медико-психосоциальную и медико-социальную помощь. В своей деятельности молодежные центры здоровья используют эффективные технологии, направленные на сохранение здоровья, снижение рискованного поведения среди подростков, социальное сопровождение и защиту их прав на основе принципов доброжелательности, доступности, добровольности и доверия.

Байтукаева Д.У. привела примеры статистики суицидов после буллинга и моббинга. Также призвала студентов быть добрее и отзывчивее друг к другу, помогать и поддерживать в трудных ситуациях. Проблема буллинга остро стоит перед обществом, но как сказала выступающая гостья, все в наших руках!

Айна ОТАРБАЕВА,
препод. факультета международных отношений

Присяге воинской – верны!

акции проведены следующие мероприятия:

– с 10 по 14 февраля, в часы воспитательной работы со студентами военной кафедры проводились тематические беседы «Присяге воинской – верны!»;

– 12 февраля, по инициативе руководства юридического факультета, для студентов кафедры «Теории и истории государства и права, конституционного и административного права» совместно с военной кафедрой проведен лекторий-встреча «Мы интернационалисты!». В лектории приняли участие преподаватели военной кафедры, воины-интернационалисты – полковник запаса Хасен Кожаметов и подполковник в отставке Александр Шашацкий, а также студенты военной кафедры, обучающиеся по военно-учетной специальности «Военная журналистика»;

– 13 февраля в 155 общеобразовательной школе города

Алматы организована встреча учеников с преподавателями военной кафедры – ветеранами афганской войны полковником запаса Кожаметовым Х.К. и подполковником в отставке Шашацким А.Н.

– 14 февраля проведен День открытых дверей и Урок Мужества «Присяге воинской – верны!» с учащимися гимназии №111 города Алматы;

– В Музее военной кафедры студенты и школьники знакомы с тематической экспозицией о воинах афганцах и просмотрели документальные фильмы об афганской войне.

На данных мероприятиях заслуженные ветераны, выступая перед студентами и школьниками, вспоминали своих боевых товарищей, говорили о том, что им пришлось испытать на той войне. Они достойно перенесли все тяготы, проявляя воинскую доблесть, мужество и героизм!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Социальное неравенство, бедность и нищета являются одними из самых сложных и актуальных социально-экономических проблем современного общества. Бедность — это больше, чем отсутствие дохода. Она имеет ряд социально-экономических проявлений, включая: возможность доступа к социальным услугам и мерам социальной защиты; возможность выражения мнения и свобода выбора; возможность иметь достойную работу и другие возможности. Люди, живущие в нищете, сталкиваются с негативным отношением и дискриминационной политикой и практикой.

Социальное неравенство и бедность

По данным Global Multidimensional Poverty Index 2024, около 1,1 миллиарда человек живут в условиях острой многомерной бедности, более половины из них – дети. Распространенные лишения включают отсутствие надлежащего жилья, санитарии, электричества, топлива для приготовления пищи, нормального питания и посещения школы. 83,7% бедных людей живут в сельской местности. Во всех регионах мира люди в сельской местности беднее, чем люди в городах. В абсолютных цифрах в 2030 году, скорее всего, бедных людей будет больше. По данным Бюро национальной статистики РК, уровень бедности в 2024 году составил в республике 5,4% (в сельской местности 7,3%, в городах 4,2%).

венной деятельности с применением современных технологий производства, управления и организации. Большая проблема Туркестанской области – низкие доходы населения. Среднедушевые номинальные доходы по итогам III квартала 2024 года были одними из самых низких в стране 113 566 тенге (для сравнения: в г. Алматы 338 663 тенге).

К сказанному добавим, что до 2025 года уровень бедности в Казахстане определялся на основе регионального ПМ на душу населения. Так называемая «черта бедности» составляла 70% от ПМ. На этой основе назначалась адресная социальная помощь. В 2025 году «черту бедности» отвязали от ПМ и теперь для ее расчета используется медианный

Доля населения, имеющее доходы ниже прожиточного минимума (ПМ) по регионам

Наименование региона	2022	2023	III кв. 2024 г.
РК, всего	5,2	5,2	5,4
Абай	5,9	8,0	8,6
Акмолинская	6,0	5,3	5,0
Актюбинская	4,4	4,2	4,2
Алматинская	3,8	3,6	4,1
Атырауская	3,3	2,6	3,6
Западно-Казахстанская	4,2	4,3	4,3
Жамбылская	5,0	5,2	5,6
Жетісу	5,5	7,8	8,1
Карагандинская	3,8	3,0	3,3
Костанайская	5,0	3,5	3,9
Кызылординская	5,0	6,2	5,3
Мангистауская	8,1	7,0	8,0
Павлодарская	3,9	3,9	3,9
Северо-Казахстанская	5,7	4,9	4,4
Туркестанская	9,7	9,0	9,3
Ұлытау	2,2	4,9	5,5
Восточно-Казахстанская	4,8	4,2	4,0
г. Астана	1,9	2,4	2,8
г. Алматы	4,8	5,1	5,1
г. Шымкент	6,6	6,4	6,1

Из этих данных следует, что в ряде регионов страны проводится неэффективная государственная политика, направленная на повышение уровня жизни населения. Зададимся вопросом – почему столь значителен уровень бедности в Туркестанской области (9,3%), какие причины ее детерминируют? Регион находится в зоне резко континентального климата, занимая площадь 117 249 кв. км, с населением на 1 декабря 2024 г. 2 154,3 тыс. человек (74,9% – сельских жителей). Туркестанская область является преимущественно сельскохозяйственным регионом. Однако из года в год многие с/х предприятия области находятся в сложном финансово-экономическом положении, недостаточно эффективны механизмы ведения хозяйст-

доход. Согласно новому приказу Министра труда и социальной защиты населения РК, размер «черты бедности» с 1 января 2025 года составляет 35% от медианного дохода. В сложившихся условиях очевидно, что государству необходимо пересмотреть подходы к политике устранения регионального социального неравенства и активизировать работу по снижению уровня бедности, прежде всего на селе, которое обеспечивает продовольственную безопасность страны.

Арна БАКТИЯР,
магистр права
преподаватель кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права

15 февраля – день вывода советских войск из Афганистана, является памятной датой для казахстанского общества. В канун этой памятной даты, в соответствии с планом воспитательной и военно-патриотической работы военной кафедрой КазНУ им. Аль-Фараби проводится патриотическая акция «Присяге воинской верны!». В ходе которой были организованы тематические беседы, Уроки Мужества, Дни открытых дверей и встречи с ветеранами Вооруженных Сил.

Открывая патриотическую акцию, начальник военной кафедры полковник запаса Ажимов О.В. отметил, что все воины-участники той войны проявили лучшие качества солдата, офицера, воина-интернационалиста и достойно выполнили свой воинский долг и были верны воинской присяге! В период патриотической

Елемес Әлімханов – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының профессоры, педагогика ғылымының докторы. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қайраткері, ҚР құрметті спорт қайраткері, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. Ол тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық күрестің негізін қалаушы тұлға. Елемес Әлімханұлы – қазақ күресі балуанына арналған киімнің авторы. Сондай-ақ халқымыздың ұлттық ойындары мен спортының ғылыми тұрғыда зерттеп келеді. Осы екі бағыт ғалымның басты бағдаршамы. Біз ғалымның негізгі зерттеу нысанына арналған осы екі бағыттағы ізденістері мен жетістіктеріне тоқталамыз.



рақмет айтып, бастарын иіп қоштасты, – дейді профессор. Осы жағдайдан кейін қазақ күресі балуанына арналған арнайы киім қажет екені сөзден бастадық.

Елемес ӘЛІМХАНОВ,
педагогика ғылымының докторы, профессор:

Шетелдіктерге қазақ ойындарын кең ауқымда көрсеткім келеді

зілді. Елемес Әлімханұлы «Қазақ күресінің әдіс-айласына балуан киімінің әсері» атты тақырыпты бекітіп, ғылыми ізденісін бастады. Қазақта күреске шыққанда «балақты түріп, білекті сыбанып» деген сөз бар, ол да түрткі болды. Батырлардың киімдері зерттелді. Байқаса, батырлар киімдерінің жеңдері қысқа болып келеді. Қазақ күресіне арналған балуан киімі бойынша 1996 жылы кандидаттық диссертация қорғап, кейіннен патент алдым. Қазір қазақ күресі елімізде және халықаралық жарыстарда осы киім арқылы таниды. Арнайы дене жаттығуларын қолданудың адам денсаулығына әсері бойынша екі авторлық куәлік алынды, – дейді ғалым.

Профессордың «Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері» атты монографиясы бар. Бұл оның докторлық диссертациясының тақырыбы. Осы монографияға 326 ойын енгізілген. Халық арасында бұдан да көп ойын түрі бар. Оны өлі зерттеу қажет. Кейбір ойындардың аттары бар, бірақ мазмұны жоғалып кеткен. Себебі халқымыздың ашаршылыққа ұшырауы, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдары ұлттық ойын түрлерін қолдану дәрежесі төмендеп, дамуына кері әсері болды. 1950 жылдарға дейін ұлттық ойындар мектеп бағдарламасында болған, кейін алынып тасталды. Қазір елімізде ұлттық ойын түрлері мектеп бағдарламасына қайтадан кеңінен енгізілуде.


Қазақстан егемендік алғаннан кейін ұлттық ойындардың ел арасында дамуы артты. Білім мен тәрбиеде қолданылуы кеңейді, ұлттық спорт түрлері дамып, халықаралық дәрежеге жете бастады. Өткен жылы Астана қаласында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының сәтті өткізілуі Қазақстанның халықаралық дәрежедегі беделін жоғары көтерді.

– Білім беру және ғылым саласын игеруде, оны өмірде, тәжірибеде қолдану дәрежесі маңызды. Мен сабақ бергенде және ғылыми зерттеу тақырыптарын таңдағанда оның тәжірибелік өмірде пайдалы болу жақтарына баса көңіл бөлемін. Мысалы, қазір университетте оқып жатқан студенттердің дипломдық жұмыстарында дәстүрлі ұлттық ойындар тақырыптары көптеп кездеседі, ол болашақ маманның кәсіптік жұмысында қажет болады. Пәкістандық магистрант Мухам-

мад Самран Зафарға Қазақстандағы және өз еліндегі құралмен ойналатын ұлттық ойындарды салыстырып зерттеу берілді. Доктoрант Бейбіт Өстеміровке Қазақстанда арнайы зерттелмеген, жоғары сұранысқа ие тақырып – «Еліміздегі ат бәйгелерінің дамуы мен халықаралық жарыс ережелерін қалыптастыру» бойынша диссертациялық зерттеу жұмысы тапсырылды. Байыптап қарасақ, көптеген елдердің ұлттық ойындарында ұқсастық бар. Бұл жағдай халықтардың өзара араласуы мен мәдениеттерінің бір-біріне өтуінен де туындауы мүмкін, сонымен қатар бұл көшірме де емес. Оны ғылыми жағынан талдайтын болсақ, елдің шаруашылық жүргізуі, тұрғылықты жер мен климаттың ерекшелігіне сай күнделікті қажеттіліктен туындаған ой мен тәжірибені жетілдіруге

арнайы әрекеттерінен туындаған бір-біріне ұқсас ойындар да пайда болуы ықтимал деп тұжырым жасауға болады. Ол зерттеуді қажет етеді. Мысалы, бір-бірінен алыста жатқан Пәкістанның «Гилли-Данда» ойыны қазақтың «Шілдек» ойынына қатты ұқсас. Сол сияқты қазақта «Бес тас» деген ойын бар, дәл сондай ойын саха елінде де бар, – дейді Елемес Әлімханұлы. – Біздің кафедрада ұлттық ойындар деген арнайы сабақ өтеді. Бұл пәнді теориялық, әдістемелік, тәжірибелік түрде өткіземіз. Бірақ ол пән тек біздің Дене тәрбиесі және спорт мамандығында оқитын студенттерге арналған. Ал 27 мың студенті бар университетімізде отандық студенттермен қатар, шетелдік студенттер де көп оқиды. Осы шетелден келген студенттерге еліміздің мәдениетін, дәстүрін, ойындарын да көрсетіп, насихаттасақ деген ой туындайды. Сонда олар өз еліне барғанда біздің халқымыздың мәдениеті туралы айтарлары көп болар еді. Наурыз мейрамы кезінде ме, әлде арнайы университеттік фестиваль ретінде ме, шетел студенттерінің қатысуымен олардың өз елдеріндегі мәдени көріністерін ұлттық киімдері, ойындары, салт-дәстүрлері, тағамдары, ән-билері арқылы көрсететін болса, студенттердің бір-бірімен мәдени байланыстары жетіліп, Қазақ елінің бейбітшілікті, халықтар арасындағы татулықты, білім мен мәдениетті әрқашан қолдайтыны туралы білгендері арта түсер еді.

Әрбір ғалым өз зерттеуі бойынша «елге пайдамды тигізем, кәдесіне жарасам» деп ойлайды. Біз бүгін профессор Елемес Әлімханұлының ұзақ жылдар бойғы ғылыми зерттеу барысындағы сүбелі еңбегі туралы қысқаша айттық.



Балуан киімінің үлгісі

Ғылыми жобалармен ТАНЫСТЫРДЫ

Кез келген саланың тірегі – білім мен ғылым. Себебі білікті кадр даярлайтын білім жүйесі болса, барлық саланың сапалық өнімділігі мен жалпы дамуын жіті зерттейтін – ғылым. Осы орайда, Тұрақты даму мақсаттарының №4 – «Сапалы білім беру» бағыты аясында Д.В.Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты басшылығымен бірге бірнеше зертхана меңгерушісі химия және химиялық технология, механика-математика факультеттерінің бітіруші бакалаврлары, магистрантарымен кездесу ұйымдастырды.



терді біріктіруге бағытталған.

Осы орайда, институт бас директорының бірінші орынбасары Арлан Әбілмағжанов ғылым ордасының бүгінгі жай-күйі, зерттеу лабораториялары, үкімет тарапынан қаржыландырылып, жүзеге асып жатқан ғылыми жобаларымен таныстырып шықты. Институт қабырғасында ғылыми жұмыстарын (дипломдық, магистрлік, PhD) жүзеге асырып, Қазақстан ғылымына өз үлесін қосуға есігін айқара ашатынын айтып, білім алушыларды жұмысқа шақырды. Арнайы іс-тәжірибеден өткен соң, еңбекақымен қамтамасыз етілетінін, шетелде тағылымдамадан өтуге де мүмкіншілік барын жеткізді.

Физикалық химия, ката-

лиз және мұнайхимия кафедрасының меңгерушісі, профессор Е.Әубәкіров Д.В.Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты мен ҚазҰУ арасындағы байланыс бұрыннан өте жақсы екенін және институттың бірнеше профессоры ҚазҰУ-да ұстаздық ететінін, алдағы уақытта байланыс нығаятынын атап өтті.

Білім алушы жастар институттың басшылығы мен лаборатория меңгерушілеріне түрлі сұрақ қойып, жауабын тыңдады. Басқосуды ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Гүлбану ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті

«Геодезия және картография» мамандығының студенттері тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға белсенді атсалысып, өз үлестерін қосуда. Соның ішінде №15 – Құрлық экожүйелерін қорғау бағыты студенттердің жауапкершілігін арттырудағы маңызды міндеттердің бірі.

Құстар табиғаттың тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Олар зиянды жәндіктермен қоректеніп, өсімдіктердің көбеюіне ықпал етеді. Әрбір құстың өзіне тән үні, түрткісі мен мінезі бар. Бұл табиғатқа әртүрлілік пен сұлулық

Құстарды қорғау – міндет

сыйлайды. Табиғаттың әсем көріністері мен құстардың әуезді үні адамды ерекше сезімдерге бөлейді.

Осы орайда, география және табиғатты пайдалану факультеті Картография және геоинформатика кафедрасының 2-курс студенттері «Құстарды қорғау – табиғатты қорғау» ұстанымымен ҚР Тұңғыш Президенті саябағына барып, құстардың ұялары мен астауларына жем толтырып, қоректендіріп қайтты.

Аталған іс-шараның мақсаты – адамзаттың қоршаған



ортаға деген жанашырлығын ояту. Бұл шара студенттерге табиғатты аялауға, қоршаған



ортамен үйлесімді өмір сүрудің маңыздылығын түсінуге көмек берді. Білім алушылар құстар-

ды қоректендіріп қана қоймай, олардың экожүйедегі рөлін де талқылады. Мұндай іс-шаралар жастардың табиғатты қорғау жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін нығайтады.

Құстар – біздің қоршаған ортаның маңызды бөлігі. Оларды қорғау – әрбір адамның міндеті. Егер біз табиғатымызды аялауды үйренсек, болашақ ұрпаққа да бай экожүйе мен әсем табиғатты аманат ете аламыз. Құстарды қорғауға бірге үлес қосайық!

Зейнеп СӘРСЕМБЕКОВА,
Салтанат ТУМАЖАНОВА,
Картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушылары



Фараби университетінің ғарыңды жас қаламгерлеріне арналған



ХАБАРЛАНДЫРУ

Әуезов атындағы әдеби бірлестік Фараби университетінің жас ақын-жазушыларының шығармаларының электронды жинағын жариялауды жоспарлап отыр. Жинаққа ұсынылған шығармалар Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің оқырман конференцияларында оқылып, талданатын болады.

Жинаққа ұсынылған әдеби шығармалар редакция тарапынан іріктеліп, Абай ғылыми-зерттеу институтының сайтында электронды кітап түрінде жарияланады. Жыл соңында үзгік туындылар анықталып, марапатталады.

Егер сіз сөз өнерін серік етіп,
қолыңызға қасиетті қалам
ұстап, көркем сөз
шығармашылығымен айналысып
жүрсеніз, туындыңыздың
жарық көргенін, өз оқырманын
тапқанын қаласаңыз, бізбен
хабарласыңыз.



Құрметпен, Әуезов атындағы әдеби бірлестік
Барлық мәселелер бойынша төмендегі нөмірлерге хабарласыңыз
Гүлжан Ыбырайқызы - 8(707 460 28 76)
Алма Кенжеқожаева - 8 (707 919 72 53)
Фараби кітапханасы, 3 этаж, 302 кабинет.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.